

Қазынашылық облигациялар	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
10-летние, США	4,43	1	4	-16
10-летние, Казахстан	15,58	-	9	177
10-летние, Gilt	4,68	4	18	8
10-летние, Bund	2,69	0	19	27

Money market indices	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
SOFR	4,34	3	6,0	3
EUORDEPO	1,88	0	-2	-103
TONIA	15,68	138	9	138
TWINA	15,70	92	-	92
SWAP-1D (USD)	9,87	-	23	82
SWAP-2D (USD)	10,24	14	48	134


Credit spreads (OAS)	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
US HY (LF98TRUU Index)	314,15	25	2 316	1 386
US IG (LUACTRUU Index)	78,51	-	827	192
EM HY (BEBGTRUU Index)	389,12	530	1 998	207
EM IG (I04276US Index)	93,37	-	790	1 115

Өткен аптадағы МБҚ орналастырылуы						
ISIN	Тикер	Күні	Шығарылым көлемі, млн тг	Кірістілік, %	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)
KZKD00000543	MUM192_0002	15.07.2025	84 728	16,85%	5,00	993 (3)

Алдағы МБҚ орналастырулары						
ISIN	Тикер	Күні	Жарияланған көлем, млн тг	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)	
KZKD00001277	MUM108_0015	24.07.2025	40 000	14,50	3 104 (8,6)	
KZKD00000964	MUM192_0002	24.07.2025	60 000	8,44	2 088 (5,8)	
KZKD00000477	MUM192_0001	24.07.2025	60 000	5,30	807 (2,2)	

Негізгі мөлшерлемелер			
Ел / аймақ	Негізгі мөлшерлеме	Шешім қабылданған күн	Келесі отырыс күні
США	4,50%	18.06.2025	30.07.2025
ЕЦБ	2,15%	05.06.2025	24.07.2025
Қазақстан	16,50%	11.07.2025	29.08.2025


МБҚ бойынша SPOT қисығы



US Treasury Yield Curve



Кірістілік пен спредтердегі өзгерістер



Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Қор индекстері	Мәні, теңге	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
АҚШ			
S&P 500	6 296,79	0,59%	6,0%
NASDAQ	20 895,66	1,51%	6,5%
DJIA	44 342,19	-0,07%	4,6%
CBOE Volatility Index (VIX)	16,41	0,06%	1,7%
Еуропа			
FTSE 100	8 992,12	0,57%	9,3%
DAX	2 069,71	-0,06%	22,1%
Азия			
Hang Seng	24 825,66	2,84%	25,6%
Nikkei 225	39 819,11	0,63%	1,3%
Shanghai SE	3 534,48	0,69%	10,1%
Қазақстан			
KASE	6 261,76	0,83%	10,3%
Валюта			
USD/KZT	532,20	1,68%	1,4%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	10,64	2,29%	-26,7%
EUR/USD	1,16	-0,55%	12,8%
Тауар-шикізат нарықтары			
Brent (USD/BBL)	69,3	-1,53%	-9,4%
WTI (USD/BBL)	67,3	-1,62%	-9,0%
Золото (USD/OZS)	3 353,0	-0,09%	26,8%

Алдағы аптаның жарияланымдары		
Күні	Ел	Жарияланым
Сейсенбі, 22 июля	АҚШ	АҚШ ФРЖ төрағасы Пауэллдің сөзі
	Еуропа	ЕОБ төрайымы Лагардтың сөз сөйлеуі
Сәрсенбі, 23 июля	АҚШ	Екінші реттік тұрғын үй нарығындағы сату көлемі (маусым)
	АҚШ	Шикі мұнай қоры
	Еуропа	Депозиттер бойынша мөлшерлеме (шілде)
	Еуропа	Сыйақы мөлшерлемесі бойынша шешім (шілде)
Бейсенбі, 24 июля	АҚШ	Жұмыссыздық бойынша алғашқы өтінімдер саны
	АҚШ	Өндіріс секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (шілде)
	АҚШ	Жаңа тұрғын үйлерді сату (маусым)
	АҚШ	Қызмет көрсету секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (шілде)
	Еуропа	ЕОБ баспасөз конференциясы
Жұма, 25 июля	АҚШ	Атланта ФРБ GDPNow көрсеткіші (2-тоқсан)

Әлемдік қор нарықтары

АҚШ қор нарықтары апта саудасын әрқилы бағытта аяқтады: S&P 500 индексі 0,59%-ға өсіп, 6 296,79 пунктке жетті, Nasdaq 1,51%-ға көтеріліп, 20 895,66 пунктке жетті, ал Dow Jones өнеркәсіптік индексі 0,07%-ға төмендеп, 44 342,19 пункт деңгейінде жабылды.

Апта барысында сауда жоғары құбылмалылықпен және жаңалықтарға толы ахуалмен өтті. Сауда-саттыққа әсер еткен негізгі факторлар қатарында Дональд Трамптың сауда саясатының шиеленісуі, маусым айындағы инфляция деректерінің жариялануы, ірі компаниялардың есеп беру маусымы және АҚШ Федералдық резерв жүйесінің өкілдерінің мәлімдемелері болды.

Апта басында нарықтарға қысым күшейді. Дональд Трамп 1 тамыздан бастап Канададан әкелінетін импортқа 35% көлемінде баж салығын енгізетінін жариялады, сондай-ақ Еуроодақ тауарларына қатысты да жаңа баж салықтары енгізілуі мүмкін екенін айтты. Бұған қоса, АҚШ президенті мыс импортына 50% тариф енгізу жоспары мен негізгі сауда серіктестері үшін бірыңғай 15–20% деңгейіндегі тариф енгізуді ұсынды. 9 шілдеге жоспарланған тарифтерге қатысты саммит 1 тамызға шегерілді, бұл нарыққа уақытша тыныштық бергенімен, жалпы белгісіздікті сөйлеткен жоқ.

Осы жағдайлар аясында инвесторлар маусым айындағы тұтыну бағалары индексінің жариялануын және S&P 500 индексіне кіретін ірі америкалық компаниялардың тоқсандық есептерін асыға күтті. JPMorgan Chase, Netflix және Johnson & Johnson секілді компаниялар өз есептерін ұсынуы тиіс еді. Сарапшылардың болжауынша, екінші тоқсанда бұл компаниялардың жылдық табысы 5,7%-ға өсуі керек болатын.


Инфляция бойынша деректерге сәйкес, маусым айында тұтыну бағалары 0,3%-ға өсті – бұл күткендегідей нәтиже, бірақ қаңтардан бергі ең жоғары өсім. Сарапшылар бұл өсімді баж салықтарының тұтынушыларға ауысуымен байланыстырды. Негізгі инфляция қалыпты деңгейде қалды, бұл ФРЖ-дан болашақта ақша-кредит саясатын жұмсартуға үміт берді. Мәліметтерден кейін қыркүйек айында мөлшерлемені төмендету ықтималдығы 60%-ға дейін өсті, дегенмен ФРЖ-ның кей өкілдері, соның ішінде Бостон ФРБ басшысы, күтуші ұстаным қажет екенін айтты.

Апта ортасында Bloomberg агенттігі Пауэллдің отставкасы туралы хабарлағаннан кейін нарық біраз тұрақсызданды, бірақ кейін Трамп ФРЖ-ның тәуелсіздігін қолдайтынын айтып, жағдайды тұрақтандырды.


Мұнай

Өткен аптада Brent маркалы мұнай бағасы 1,5%-ға төмендеп, бір баррель үшін \$69,28 деңгейіне жетті. АҚШ-тың WTI маркалы мұнайы да 1,6%-ға арзандап, \$67,34 болды. Апта бойы мұнай нарығында жоғары құбылмалылық байқалды. Бұл жағдайға геосаяси мәлімдемелер, санкциялар туралы қауіптер және экономикалық деректер әсер етті. Негізгі қозғаушы фактор – АҚШ президенті Дональд Трамптың мәлімдемелері болды. Дүйсенбі күні ол Ресей мұнайын сатып алушыларға қатысты қатал санкциялар енгізетінін айтып, егер 50 күн ішінде Украина бойынша келісімге қол жеткізілмесе, шаралар қолданылатынын ескертті. Кейінірек Трамп Мексика мен ЕО-дан келетін импортқа 30% көлемінде баж салығы салатынын хабарлап, нарықтағы алаңдаушылықты күшейтті. Апта ортасына қарай мұнай бағасының төмендеуі АҚШ Энергетика министрлігінің есебінен кейін күшейе түсті. Коммерциялық мұнай қоры 3,86 млн баррельге қысқарғанына қарамастан, дистилляттар мен бензин қорларының күрт артуы мұнай бағасына қысым түсірді. Бұған қоса, маусым айында ОПЕК+ елдерінің мұнай өндіру көлемі тәулігіне 432 мың баррельге өскені туралы ақпарат та бағаның төмендеуіне әсер етті. Дегенмен апта соңында мұнай бағасы өсе бастады. Бұл жағдай Таяу Шығыстағы шиеленістің ұшығуымен байланысты болды. Израильдің Сирияға жасаған әуе соққылары, шекара маңына әскер жіберуі және Ирактың Күрдістан аймағындағы мұнай инфрақұрылымына жасалған дрон шабуылдары мұнай өндіру көлемінің тәулігіне 1,5 млн баррельге қысқаруына алып келді. Бұл оқиғалар мұнай жеткізілімінің тұрақтылығына қатысты алаңдаушылықты қайта күшейтті.

Мұнай динамикасы Brent & WTI, \$/барр.



USD/KZT & USD/RUB



Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.